

ҚР ПБ МО «СЭСО» РМК  
директорының  
2024 жылғы 19 қыркүйектегі  
№ 147-ө бұйрығының  
№2 қосымшасы

**Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы Медициналық орталығының «Санитариялық-эпидемиологиялық сараптама орталығы» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі нұсқаулық**

**1. Қолданылу аймағы**

1. Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы Медициналық орталығының «Санитариялық-эпидемиологиялық сараптама орталығы» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының (бұдан әрі – Кәсіпорын) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі нұсқаулығы (бұдан әрі – Нұсқаулық) сыбайлас жемқорлық тәуекелдері туындаған жағдайда Кәсіпорын қызметкерлерінің іс-қимыл тәртібін реттейді және лауазымдық міндеттерін атқару кезінде олардың туындауының алдын алу бойынша Кәсіпорын қызметкерлеріне арналған ұсынымдарды қамтиды.

2. Қызметкерлер жұмысқа жаңадан қабылданған кезде Нұсқаулықпен танысуы керек, сондай-ақ ол Кәсіпорынның интернет-ресурсында да орналастырылады.

**2. Жалпы ереже**

3. Сыбайлас жемқорлық тәуекелі дегеніміз – сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындау мүмкіндігі.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің туындауына жол бермеу мақсатында Кәсіпорынның барлық қызметкерлері:

- 1) лауазымдық міндеттерін адал және жоғары кәсіби деңгейде орындауға;
- 2) лауазымдық міндеттерін атқару кезінде қандай да бір азаматтарды, топтарды және ұйымдарды артық көруге, артықшылық беру тікелей заңда көзделген жағдайдан басқа кезде, жекелеген адамдардың, азаматтардың, топтар мен ұйымдардың ықпалынан тәуелсіз болуға;
- 3) лауазымдық міндеттерін атқару кезінде лауазымдық міндеттерін адал атқаруға кедергі келтіретін қандай да бір жеке, мүліктік (қаржылық) және өзге де мүдделердің ықпалына байланысты әрекеттерді болғызбауға;
- 4) кәсіби этика нормаларын және іскерлік мінез-құлықтың жалпы қабылданған ережелерін сақтауға;
- 5) лауазымдық міндеттерін объективті атқаруға күмән тудыруы мүмкін мінез-құлықтан аулақ болуға, сондай-ақ олардың беделіне нұқсан келтіруі мүмкін жанжалды жағдайлардан аулақ болуға;

б) мүдделер қақтығысының туындауына жол бермеу және туындаған мүдделер қақтығысын реттеу жөнінде заңнамада көзделген шараларды қабылдауға;

7) жеке сипаттағы мәселелерді шешу кезінде мемлекеттік және мемлекеттік емес органдар мен ұйымдардың, лауазымды адамдардың, кәсіпкерлік субъектілерінің, азаматтардың қызметіне ықпал ету үшін қызметтік жағдайын пайдаланбауға міндетті.

4. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің туындауына жол бермеу мақсатында барлық Кәсіпорын қызметкерлеріне:

1) мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдардың өкілдерінен, кәсіпкерлік субъектілерінен, азаматтардан және өзге де тұлғалардан қандай да бір сыйақы (сыйлықтар, ақшалай сыйақы, қызметтер және т.б.) алуға;

2) мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарға, кәсіпкерлік субъектілеріне, азаматтарға және өзге де адамдарға, ол адамдардың жақындарына қандай да бір мүлікті ұсынуға, қандай да бір қызметтер көрсетуге, өзінің және Кәсіпорын қызметкерлерінің мүдделері үшін өзге де әрекеттерді жүзеге асыруға;

3) азаматтық заңнамада айқындалған күн шегінде, сыпайылық пен қонақжайлылықтың жалпы қабылданған нормаларына сәйкес, сондай-ақ хаттамалық және өзге де ресми іс-шараларды өткізу кезінде көңіл білдіру үшін берілетін және символдық кәдесыйларды қоспағанда, жоғары тұрған лауазымды адамдарға сыйлықтар беру және қызметтік емес қызметтер көрсетуге;

4) азаматтық заңнамада айқындалған күн шегінде сыпайылық пен қонақжайлылықтың жалпы қабылданған нормаларына сәйкес, сондай-ақ хаттамалық және өзге де ресми іс-шараларды өткізу кезінде көңіл білдіру үшін берілетін және символдық кәдесыйларды қоспағанда, өзіне қарасты қызметкерлерден сыйлықтар мен қызметтік емес қызметтерді алуға тыйым салынады.

### **3. Қызметкерді сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауға мәжбүрлейтін іс-қимыл белгілері**

5. Әрбір Кәсіпорын қызметкері үшін кәсіби мінез-құлық талаптарын, сондай-ақ этикалық мінез-құлық нормаларын сақтау, адал болу және сатылмау өте маңызды.

6. Осындай жағымсыз салдардың алдын алу үшін Кәсіпорын қызметкерлері әріптестерімен, сырт ұйымдардың өкілдерімен, өзге де азаматтармен қарым-қатынас жасау тәсіліне назар аударуы керек, атап айтқанда, пара беруге уәде беру немесе ұсыныс ретінде қарау немесе пара алуға келісім ретінде немесе пара беру туралы өтініш ретінде қабылдауы мүмкін мінез-құлықтан бас тартуы керек.

7. Кәсіпорын жұмыскерлері азаматтармен немесе мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдардың, кәсіпкерлік субъектілердің өкілдерімен және өзге де адамдармен айналасындағылар пара беру туралы өтініш (тұспал) ретінде қабылдауы мүмкін сөздерді, сөз тіркестерін және жест-ишараларды қолданудан бас тартуы қажет.

Мұндай сөз орамдарына, мысалы:

- «мәселені шешу қиын, бірақ мүмкін»;
- «құрғақ қасық ауыз жыртар»;
- «келісейік»;

- «күшті дәлелдер қажет»;
- «параметрлерді талқылау керек» және т.б. жатады.

8. Ұйым өкілдерімен және азаматтармен, әсіресе Кәсіпорынның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің шешімдері мен іс-әрекеттерінен пайда көретін белгілі бір жұмыс сәттерін талқылау пара беру туралы өтініш ретінде қабылдануы мүмкін.

#### **4. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері туындаған кездегі Кәсіпорын қызметкерлерінің іс-қимыл алгоритмі**

9. Арандатушылық жағдайлар: қызмет алу үшін жүгінген азаматтар мен өзге де тұлғалар тарапынан, сондай-ақ Кәсіпорын қызметін тексеруді жүзеге асыратын лауазымды тұлғалар тарапынан ықтимал арандатушылықтарды болдырмау үшін мынадай сақтық шараларын қатаң сақтау қажет:

1) Кәсіпорын қызметкерлері болып табылмайтын келушілер тұрған қызметтік орынжайларды және жеке заттарды (киім, портфельдер, сөмкелер және т. б.) қараусыз қалдырмау;

2) келушілер кеткеннен кейін жұмыс орнында немесе жеке заттарында қандай да бір бөгде заттар табылған жағдайда, ешқандай дербес іс-қимыл жасамай, дереу Кәсіпорын басшылығына немесе өзінің тікелей басшысына баяндау.

10. Пара алу туралы ұсыныс жасау немесе мәжбүрлеу кезінде:

1) пара беруші параны қабылдауға (беруге) дайындық немесе үзілді-кесілді бас тарту ретінде түсінетіндей асығыс мәлімдемелерге жол бермей, өте сақ, сыпайы, жағымпазданбай әрекет етіңіз;

2) сізге ұсынылған шарттарды (сомалардың мөлшері, тауарлардың атауы және қызметтердің сипаты, пара беру мерзімдері мен тәсілдері, пара беру нысаны, мәселелерді шешудің реттілігі) мұқият тыңдап, есте сақтаңыз;

3) бұл факт туралы Кәсіпорын басшылығына немесе тікелей басшыға дереу хабарлаңыз;

4) дайындалып жатқан қылмыс туралы жазбаша хабарламамен тиісті құқық қорғау органдарына жүгініңіз.

11. Мүдделер қақтығысы кезінде:

1) кез келген мүмкін болатын мүдделер қақтығысына мұқият болыңыз;

2) кез келген мүдделер қақтығысының туындау мүмкіндігін болдырмау үшін шаралар қабылдаңыз;

3) мүдделер қақтығысының туындағаны немесе сіз бұл туралы білген бойда оның туындау мүмкіндігі туралы жазбаша түрде Кәсіпорын басшылығына немесе тікелей басшысыңызға хабарлаңыз;

4) туындаған мүдделер қақтығысын өз бетінше немесе тікелей басшының келісімі бойынша шешу жөнінде шаралар қабылдаңыз.

#### **5. Қорытынды ереже**

12. Кәсіпорын қызметкерлері:

1) қызметкерлердің әрқайсының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша белсенді азаматтық ұстанымы болған кезде Кәсіпорындағы сыбайлас жемқорлықтың «нөлдік» деңгейіне қол жеткізуге болатынын;

2) қоғамдағы мінез-құлықтың жалпы қабылданған кәсіби және этикалық нормаларын қатаң сақтау сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте тиімді және нәтижелі жұмысқа ықпал ететінін, өйткені адамның дұрыс мінез-құлқы – бұл адамның дұрыс іс-қимылы, қоғамдағы барлық нормаларды сақтауы болып табылатындығын;

3) сыбайлас жемқорлық адамда ресурстарды қоғам немесе мемлекет мүддесі үшін емес, өз пайдасы үшін пайдалану, қара басының қамын ойлап шешім қабылдау мүмкіндігін тудыратындықтан, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға көбінесе адамгершілік мәдениеті төмен адамдар баратындығын;

4) адал, сатылмайтын, ниеті түзу, білікті болуы керек екендігін;

5) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін сөзсіз жазаланатындығын есте сақтауы тиіс.

13. Кәсіпорын қызметкерлері атқаратын лауазымына және атқаратын функцияларына қарамастан, заңда белгіленген тәртіппен, оның ішінде Қазақстан Республикасының еңбек, әкімшілік және қылмыстық заңнамасы шеңберінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнама талаптарын сақтамағаны үшін жауапты болады.

14. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған шараларды күшейту мақсатында, қарамағындағы қызметкерлер өздерінің функционалдық міндеттерін атқару кезінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық, коммерциялық пара беру және өзге де қылмыстық құқық бұзушылықтар жасаған және олардың кінәсі сотта дәлелденген басшылардың дербес жауапкершілігі туралы құқық нормасы көзделген.

---